



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2022 жылғы ақпандағы ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаменті
нақты сектордың мониторингі басқармасының бастығы
Игорь Осиповтың түсіндірмесі**

2022 жыл, 18 наурыз

2022 жылғы ақпанда елде **жылдық инфляция** 8,7% (қаңтарда – 8,5%) құрап, жеделдей түсті. Жылдық инфляция 9 аймақта қарқын алды, 3 облыста баяулап, 5 өңірде көрсеткіш өзгеріссіз қалды.

Инфляцияның анағұрлым қарқын алу көрсеткіші Түркістан облысында (қаңтардағы 8,4%-дан ақпанда 9,2%-ға дейін) тіркелді, ал баяулау үрдісі Ақтөбе (9,2%-дан 9,0%-ға дейін) мен Атырау (8,7%-дан 8,5%-ға дейін) облыстарында байқалды.

Ақпанда **азық-түлік** тауарлар бағасының өсу қарқыны 10,0%-ға дейін (қаңтарда – 9,9%) ұлғайды. Осы топтағы тауарлар бағасының ең жоғары өсімі Ақмола облысында (11,7%) тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны да 8,6%-ға дейін (қаңтарда – 8,5%) ұлғайды. Ең жоғары мән Ақтөбе облысында (10,2%), ал ең аз мән Маңғыстау облысында (7,2%) тіркелді.

Ақылы қызметтің құны ақпанда 7,1%-ға өсті (қаңтарда - 6,8%), бұл ретте жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары баға – Шығыс Қазақстан облысында (9,0%), ал біршама төмен – Ақтөбе облысында (5,2%) өсті.

Елде айлық инфляция 0,8% болды, бұл – соңғы 5 жылда (2017-2021 жылдарда – 0,7%) ақпандағы бағаның орташа мәнінен жоғары. Орташа тарихи нормасынан жоғары баға 2022 жылғы ақпанда Түркістан облысында (1,3%), Нұр-Сұлтан қаласында (1,2%), Қарағанды облысында (1,1%), Шығыс Қазақстан облысында (0,9%), Қызылорда облысында (0,8%), Алматы (0,7%), Қостанай (0,7%), Батыс Қазақстан, Жамбыл және Маңғыстау (0,6%-дан) облыстарында өсті.

Ақмола облысы мен Алматы қаласында бағаның өсу қарқыны өзінің орташа нормасын сақтап қалды. Қалған аймақтарда өзінің орташа нормасынан төмен қалыптасты.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz